

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



**ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ БОЛАШАҒЫ  
ҚАЗАҚСТАН ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ** атты  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**25-26 қараша 2015 жыл**

**МАТЕРИАЛЫ**

международной научно-практической конференции  
**ПЕРСПЕКТИВЫ ЕВРАЗИЙСКОЙ  
ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ КАК ФАКТОР  
УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА**

**25-26 ноября 2015 года**

**MATERIALS**

of international scientific and practical conference  
**PROSPECTS FOR EURASIAN ECONOMIC INTEGRATION  
AS A FACTOR OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT  
OF KAZAKHSTAN**

**25-26 November 2015**

Алматы 2015

## АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ДЕРБЕС БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ САЛЫҚ АУДИТІНІҢ ОРНЫ

Сұлтанова Бақыт Битахановна, Байдәулетов Мәди Байдәулетович,  
Ақылбаева Гауһар Қайыпжанқызы

<sup>1</sup>э.ғ.к., доцент

<sup>2</sup>э.ғ.к., доцент

<sup>3</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, I курс магистранты

**Аннотация.** В статье рассматривается налоговый аудит как самостоятельное направление аудиторской деятельности. Раскрыта сущность налогового аудита, определено его место в системе налогового контроля и аудита налогообложения. Сформированное понятие «налогового аудита».

**Abstract.** In the article is considered tax audit as the independent direction of auditor action. The essence of tax audit is opened, determined its place in the system of tax control and tax audit. The created concept of "tax audit".

Қазіргі уақытта отандық аудит қызығушылық танытушыларды шынайы ақпаратпен қамтамағысыз етуде маңызды рөл атқаратын заманауи экономиканың институты болып табылады. Сонымен бірге Қазақстанда аудит өзгеру сатысынан өтуде. Аудиторлық тәжірибеге халықаралық аудиторлық стандарты ендіруде, аудиторлық қызметтің функционалдық бағытын бухгалтерлік есеп пен салық салу жүйесін реформалау шартына байланысты өзгеруде, клиент бизнесін түсіну және келешектегі дамуын бағалау бағытында аудиттің мақсаты мен міндеттерін қайта қаралуда, қаржылық және басқару да тәуекелдіктерді төмендеті бойынша ұсыныстар қаралуда, сондай-ақ компанияны басқару бойынша жаң-жақты көмек көрсетіледі.

Қазақстандық аудиттің дамуының ерекшеліктері: оның мемлекетпен тығыз байланысы, салықтық бақылау функциясының аудитін жүзеге асыру арқылы, ұлттық салық салу жүйесінің қиындығы, жиі ауысатын салық заңдары, салық сұрақтары бойынша даулы төрелік жағдайлардың көп болуы, сондай – ақ басқару жағдайлар аудиторлық қызметті салықтық бағыттың – салық аудитінің пайда болуына әсер етті, салық аудиті қазіргі кезде аудиторлық компаниялармен жалпы аудиторлық тексеру кезінде немесе басқа қызмет көрсеткен кезде жүргізіледі.

Салық аудитінің туындауына сонымен қатар жалпы аудиттің салықтық құрамдас бөлігі ұйымның салықтық міндеттеріне әсер ететін барлық ақпараттың көлемін қамти алмайды, яғни, аудитор шаруашылық субъектісіне салық органдарының олар ұсынған салықтық есептіктердің дұрыстығына наразылық білдірмейтіндегіне кепілдік бере алмайды.

Аудит есептіліктің дұрыстығы туралы пікірін білдіру мақсатында аудиттелетін ұйымның бухгалтерлік есептілігін тәуелсіз тексеру болып табылады. Бірақ мұндай есептіктерде бухгалтерлік есебінен бөлек құрылатын салық көрсеткіштері бар және аудиторлық тексеру кезінде олардың дұрыстығын растау үшін аудиторларға жаңа білім мен тәжірибе қажет.

Аудиторлық ұйымдар мен жеке аудиторлардың көрсететін қызметтері салықтардың дұрыс есетеліп, төленуін, салықтық есептіктерді құрастырудың, салықтық кеңес беру, салық есебін жүргізу және қалпына келтірудің дұрыстығын тексеретін аудит салық аудиті деп аталады. Салық аудиті бір жағынан жалпы аудитті қаржылық есептілікті тексеру аумағында талданатын үлкен ақпарат көлемін төмендететін, екінші жағынан шаруашылық субъектіні және басқарушы органдарды салық заңдарының сақталғандығы туралы сұрақтар бойынша аудиторлық қорытындымен қамтамасыз ететін құрал болып табылады.

Салық аудитін жалпы аудиттен және аудиторлық компания көрсететін басқа қызметтер құрамынан бөлу кезінде салықтық аудитті жүргізу қорытындысы бойынша берілетін аудиторлық қорытынды бойынша аудитордың жауапкершілігі және берілген жауапкершілік бойынша міндеттемені сақтандыру заң деңгейінде қайта қаралып тіркелуі қажет. Қазіргі уақытта олардың жауапкершілігі салықтық кеңес беру кезінде құрылатын келісімшарттардың шарттарымен ғана шектеледі, ал міндетті сақтандыру басқа қызметтерді көрсетумен байланысты тәуекелділіктерді есептемейді. Осыған байланысты, салық аудитін жүргізуге бастамашылық еткен және аудиторлық қызметті төлеу бойынша елеулі қаржылық шығынды өтейтін ұйымның қызығушылықтары заң бойынша толық қаралмаған. Сонымен қатар көп жағдайда тексерілетін компаниялардың айналымдары он шақты аудиторлық фирмалардың құнынан үлкен.

Салық аудитін аудиторлық қызметтің дербес бағыты ретінде қарастыру бақылау жүйесіндегі оның орны туралы, оның айыршалықты функциялары, пәні, объектісі, әдістері, жүргізу әдістемесі туралы, сонымен қатар тексерілетін компанияның шаруашылық қызметінің тиімділігін бағалауда салықтық аудитпен байланысын айтуға болады.

Салық аудиті бір ғана зерттеу объектісі, шаруашылық қызметтің экономикалық жағы, бар экономикалық ғылымға жатады. Бірақ әр экономикалық ғылым жалпы объектінің ерекше жағын

немесе қозғалу формасын зерттейді. Экономика ғылымдарын зерттеу пәніне байланысты жіктелуі бойынша салық аудиті басқару туралы экономикалық ғылымдарға жатады.

Қазіргі уақытқа дейін әлі аудиторлық ұйымдар мен жеке аудиторлардың қызметтерінің құрамында салық аудитінің орны анықталмаған. Салық аудитінің тағы бір мәселесі заң негізінде бұл аудиттің түрі бекітілмеген. Бұл мәселелерді шешу үшін салық аудитінің салық аудиті туралы концептуалды ұсыну және салық аудитін жүргізу аумағында білімді кеңейтуге мүмкіндік беретін методологиялық және ұйымдастыру-әдістік негіздерін дамытып, жетілдіру қажет.

«Салық аудиті» әдебиеттерде және аудиторлық ұйымдар мен жеке аудиторлардың қызметтерінің тізімдерінде жиі кездеседі, бірақ ол қазіргі уақытқа дейін теориялық негізделген анықтамасын алған жоқ. Қолданылатын жергілікті заңдар мен Халықаралық аудит стандарттарында да «салық аудитінің» анықтамасын ашылмаған.

Салық аудиті бойынша ғылыми жұмыстарды зерттеу негізінде келесідей анықтама беруге болады: салық аудиті – ұйымның салық есебін, салықтардың дұрыс есептелуін және төленуін, ұйым қызметіндегі салық тәуекелділігін бағалау бойынша кешенді тәуелсіз тексеру.

Салық аудиті – бұл тексерілетін компанияның салық есептілігін мұқият тексеруді қамтамасыз ететін қызмет. Салық аудиті бухгалтерлік және қаржылық есептіліктерді құру кезінде жіберілген қателерді анықтау үшін және ҚР-ның салық заңдылықтарымен сәйкес келмейтін жағдайларды анықтау үшін жүргізіледі.

Салық аудитін жүргізудің негізгі мақсаты салықтар мен алымдар бойынша заңдарды бұзумен байланысты айыппұлдарды алдын алу болып табылады. Салық аудиті келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- Салықтар мен алымдарды есептеу және төлеу;
- Салықтық жеңілдіктерді қолдануды негіздеу;
- Салық декларацияларының дұрыс құрылуы;
- Салықтық тәуекелділіктер;
- Салық есептілігінде көрініс табуы және құрылуы.

Салық аудитін жүргізу кезінде аудитор-компаниясы салық салуды жоспарлау мен оңтайландыруға байланысты барлық сұрақтарды тапсырыс берушінің қызығушылығын ескере отырып шешуге тырысады. Сонымен қатар салықтық аудит барлық салықтар мен алымдардың дұрыс есептеліп, төленгендігі туралы, салық салу бойынша компанияның салықтық жеңілдіктерді дұрыс қолданғандығы туралы, әртүрлі операциялардың салық есептілігінде нақты көрсетілуіне бақылау жүргізеді. Салықтық аудитті жүргізген кезде салық декларацияларының құрылуының салық заңдарына сәйкестігі қатаң тексеріледі.

Салық аудитін жүргізу кезіндегі барлық шаралар салық тәуекелділіктерін төмендетуге мүмкіндік береді. Аудиторлық – фирма қызметінің нәтижесінде мемлекеттік салық органдары алдында жауапты тұлғалардың қандай болмасын жауапкершілік бойынша жауапқа тартылу тәуекелділігін алдын алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта жалпы аудит және кеңес беру аудиторлық ұйымдардың жалғыз қызметтері емес. Соңғы жылдары келесідей аудиттік қызметтерге сұраныс өскен: салықтық кеңес беру, ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау; басқарушылық кеңес беру, сонымен қатар ұйымды қайта құрумен байланысты; құқықтық кеңес беру, салық органдарындағы өкілділігі; бухгалтерлік есепті автоматизациялау және ақпараттық технологияларды ендіру; мүлік құнын бағалау, ұйымды мүліктік кешен ретінде бағалау және кәсіпкерлік тәуекелділікті бағалау, инвестициялық жобаларды жасау және талдау; бизнес – жоспарды құру және т.б. Аудиторлық қызметті тұтынушылар арасында кешенді салық аудитін жүргізу соңғы жылдары сұранысқа ие.

Салықтық және жалпы аудиттің арақатынасын келесідей көрсетуге болады (1 кесте)

Жалпы және салық аудитінің байланысы

Жалпы аудит	Салық аудиті
Мақсаты	
Аудиттелетін тұлғалардың қаржылық есептілігінің дұрыстығы туралы пікір білдіру	Аудиттелетін тұлғалардың салықтық есептілігінің дұрыстығы туралы, құру тәртіптеріне сәйкестігі туралы, заңды бекітілген салықтардың есептілікте көрініс табуы мен төленуінің дұрыстығы туралы пікір білдіру
Қызметі	
1) Қызығушылық білдірушілерді (меншік иелерін, акционерлерді, кредиторларды) шаруашылық қызмет туралы толық, шынайы және объективті ақпаратпен қамтамасыз ету;	1) Қызығушылық білдірушілерді (басқарушыларды, меншік иелерін, мемлекет өкілеттік орган ретінде) салық заңдарының нормаларына сәйкес салықтық міндеттемелердің

2) Бухгалтерлік есеп пен есептілік мәліметтері бойынша шаруашылық қызметті талдау; 3) Жоспарлау және бюджеттеу; 4) Жедел басқару (жоспарларды реттеу, үйлестірі және бақылау) 5) Тәуелсіз қаржылық бақылау.	орындалуы туралы толық, шынайы және объективті ақпаратпен қамтамасыз ету; 2) Тұтынушының қызметін икемді талдау негізінде салық салуды оңтайландыру; 3) Салықтық жоспарлау; 4) Ағымдағы салықтық кеңес бару; 5) Тәуелсіз салықтық бақылау.
Пәні	
Тәуелсіз қаржылық бақылау	Тәуелсіз салықтық бақылау
Зерттеу объектілері	
Ұйымның шаруашылық қызметі, яғни табиғи, әлеуметтік және техникалық шарттарымен өзара байланысын қарастыру бойынша барлық өндірістік қатысы	Ұйымның шаруашылық қызметінің салықтар мен алымдар бойынша заң салық төлеушіде салық төлеу бойынша міндеттеменің пайда болуымен байланыстыратын жағы. Салықтық есептілік
Әдіс	
Талдау және синтездеу бірлігі, қаржылық есептіліктердің өзара байланысы мен даму көрсеткіштерін зерттеу	Талдау және синтездеу бірлігі, салық көрсеткіштерінің өзара байланысы мен дамуын, сондай-ақ қаржылық есептілік көрсеткіштерімен байланысын зерттеу.
Әдістемесі	
Қаржылық есептіліктердің дұрыстығының деңгейі туралы пікірді негіздеу үшін қолданылатын нақтылы рәсімдердің жиынтығы, салыстыру, есептеу әдістері	Салықтық есептіліктердің дұрыстығының деңгейі туралы пікірді негіздеу үшін қолданылатын нақтылы рәсімдердің жиынтығы, салыстыру, есептеу әдістері
Талдаулық рәсімдер	
1. Іс – жүзінде, экономикалық субъектімен анықтаған бухгалтерлік есептілік көрсеткіштерін жоспарлы көрсеткіштермен салыстыру	1. Экономикалық субъектінің салық салу жүйесінің элементтерін қарастыру және жалпы талдау.
2. Іс-жүзінде аудитормен өз бетінше анықталған бухгалтерлік есептілік көрсеткіштерін болжамдың көрсеткіштерімен салыстыру	2. Салықтық көрсеткіштерге әсер ететін негізгі факторларды анықтау
3. Бухгалтерлік есептілік көрсеткіштерін олармен байланысты есептік кезеңдегі нормативтік мағынадағы экономикалық субъектілердің немесе күші бар заңда бекітілген қатыстық коэффициенттерді салыстыру	3. Салықтық төлемдерді есептеу әдістерін тексеру
4. Бухгалтерлік есептілік көрсеткіштерін ортасалалық көрсеткіштерімен салыстыру	4. Шаруашылық өзара байланыс жүйесіне сәйкес келетін құқықтық және салықтық сараптау
5. Бухгалтерлік есептілік көрсеткіштерін бухгалтерлік емес мәліметтермен (бухгалтерлік есептілік құрамына кірмейтін мәліметтер) салыстыру	5. Құжатайналымын бағалау және функцияларды және салықты есептеу мен төлеу бойынша жауапты қызмет өкілдігін зерттеу
6. Ағымдығы уақытқа байланысты бухгалтерлік есептілік көрсеткіштерінің және олармен байланысты салыстырмалы коэффициенттердің өзгерісін талдау	6. Экономикалық субъектілерін салық көрсеткіштерін алдын – ала есептеу
7. Аудит жүргізетін экономикалық субъектінің ұйымының құрылымдық жеке ерекшеліктерін есепке алағын басқа да талдау тәріптері	7. Экономикалық субъектілерінің бюджет алдындағы салықтардың уақытысында төленуін және есептеу дұрыстығын растау және тексеру
Ішкі аудитпен байланыс	
Ішкі аудит қызметінің тиімділігі сыртқы аудиторлардың аудиторлық тәуекелдіктерін төмендетеді	

Салық аудит ұғымын аудиттелетін ұйымның салықтық есептілігін оның дұрыстығының деңгейі бойынша пікір білдіру мақсатында, сондай – ақ құру тәртібінің маңызды аспектілі заң нормаларына сәйкестігін, экономикалық субъектінің заңмен бекітілген салықтардың есепте көрсетілуін және төленуін тәуелсіз тексеру деп түсінуге болады.

Біздің ойымызша берілген анықтама салық аудитінің маңызын нақтырақ анықтайды. Оның объектісі салықтық есептілік болып табылады, оның дұрыстылық деңгейіне байланысты аудиторлық тәуелсіз пікір білдіріледі.

Әлемдік экономикадағы заманауи ахуалдар аудит маңызыдылығына тек қана есептілік құрудың дұрыстылығын бағалауды ғана емес, аудиттелетін ұйымның шаруашылық қызметінің тиімділігін, олардың ары қарай, есепті жылдан кейінгі келісі жылдары, өздерінің қызметін жалғастыру

мүмкіндігін бағалауды да кіргізу мәселесін қойып отыр. Бұл талаптарды толығымен салықтық аудитке жатқызуға болады.

Барлық коммерциялық ұйымдардың негізгі мақсаты пайданың жеткілікті көлемін алу болып табылады. Пайда көлемінің өзгеруі тікелей кәсіпорынның жұмыс нәтижесіне әсер етеді. Сонымен бірге, қолданыстағы салық салу жүйесі ұйымдарға өздерінің табысын барлық ресми, күмәнді, ал кейде салық салынатын базасын өзгертуде заңға қарсы әдістерді қолдану арқылы жасыруға мәжбүрлейді.

Салық аудитін жүргізу кезінде ұйымның шаруашылық қызметінің тиімділігін дұрыс бағалау үшін ұйым алған пайданың нақты көлемін анықтаған маңызды. Бұл да компанияның міндеттері мен мүліктерінің нақты көлемі мен құрамын анықтауға жатады.

Сонымен қатар, аудитор ұйымдағы қабылданған салық есеп жүйісінің тиімділігін бағалауға және болашақта ұйымның қызметін тоқтатуға немесе шектетеуге алып келетін салықтық тәуекелділіктерге ерекше көңіл бөле отырып, басшыларға сол немесе басқа да салықты оңтайландыру әдістерін қолдану салдарын түсіндіруге міндетті. Біздің ойымызша, осы арқылы салық аудитінің клиент-компаниясының қызметінің тиімділігін бағалау және оның болашақта өзінің коммерциялық қызметін жалғастыру мүмкіндігі арасындағы байланыс көрініс табады.

Осыған байланысты, салық аудитін аудиторлық қызметтің дербес бағыты ретінде бөлу тек мақсатты және негізделіп қана қоймай, бүгіннің өзінде аудиторлардың, аудиттелетін ұйымның және барлық қазақстандық қоғамдардың қажеттілігі болып табылады. Бұл қажеттілікті қамтамасыз ету аудит бойынша нормативті базаны салмақты істеп бітіруді қажет етеді, ал салық аудиті бойынша салалық әдістердің жоқтығы келесі ғылымдық зерттеулердің пәні болуы керек. Дәл салалық бағыт салық аудитінің сапасын және жүргізілетін аудиторлық шаралардың тиімділігін жоғарлатудың кепілі болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Закон РК № 304-І, от 20 ноября 1998 г. «Об аудиторской деятельности» с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.05.15.
2. Ержанова А.М. Налоговый аудит (теория и методология). Монография. Б. 2013.-216с.
3. Дюсембаев К.Ш. Теория и эволюция аудита: Монография: Алматы. Экономика.2012.-525с
3. Шешукова Т.Г. Развитие методологии и организации налогового аудита в коммерческих банках: Монография Перм. гос. нац. иссл. ун-т.- Пермь, 2012.-283с.
4. Морозова Ж.А. Налоговый аудит: Практическое руководство.- М.: ООО ИИА «НалогИнфо», ООО «Статус-Кво 97», 2007- 240с.

## ПРАКТИКА И ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ УЧЕТА И АНАЛИЗА ДОХОДОВ И РАСХОДОВ В СФЕРЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АВИАКОМПАНИЙ

Байдильдина Адиля Манатовна, Акынова Фариза Куанышбаевна

<sup>1</sup>д.э.н., профессор

<sup>2</sup>Магистрант 1 курса, КазНУ им. аль-Фараби, Казахстан

Общее экономическое развитие Казахстана за много лет независимости характеризуется положительными результатами проведения экономических реформ, в частности, реформирования бухгалтерского учета, определения стандартов, необходимых для единообразного ведения учета при повышении самостоятельности и ответственности предприятий различных форм собственности, расширении их экономических прав, совершенствовании и широком распространении экономических методов управления.

Предприятие создается для организации предпринимательской деятельности, экономической целью которого является обеспечение общественных потребностей и извлечение прибыли. По своему содержанию предпринимательская деятельность включает производство и реализацию продукции, выполнение работ и оказание услуг, операции на фондовом рынке. Предприятие может осуществлять какой-либо из видов деятельности, либо одновременно все виды.[1]

Доходы предприятия являются исходной финансовой базой коммерческого расчета, представляют собой основу формирования прибыли хозяйствующего субъекта, которая является конечной целью и движущим мотивом развития предприятия, источником формирования его собственных финансовых ресурсов [2].

Роль дохода существенно возросла в условиях рынка. С переходом на рыночную экономику доход стал ее двигательной силой. Именно он определяет решение трех коренных взаимосвязанных проблем: что производить, как производить и для кого производить. Таким образом, доход

Арзаева М.Ж. Интеграциялану жағдайындағы салық салу жүйесіндегі жекелеген мәселелер	140
Байдаулетов М., Анашева Ж.Ж., Өміртасова С.С. Қазақстандағы салық түсімін сипаттайтын көрсеткіштерді талдау	143
Жорабаева Ж.Қ. Қазақстан Республикасында медициналық сақтандыру: жағдайы және жетілдіру мәселелері	146
Даулиева Г.Р., Сейдалиев Ш. Проблемы развития интегрированного фондового рынка Казахстана и России	148
Даулиева Г.Р., Сейдалиев Ш. Қазақстанның қор нарығының Еуразиялық экономикалық одақ жағдайында даму мүмкіндіктері	151
Ермекбаева Б.Ж., Блембаева А.Н. Қазіргі кездегі қазақстан республикасындағы салықтық әкімшіліктендіру және оның даму болашағы	153
Жоламанова М.Т. Финансовые механизмы интеграции в рамках Евразийского экономического союза	156
Өсербайұлы С., Текебаев Ж.М. Еуразиялық экономикалық одақ аясында исламдық қаржыландырудың Қазақстан экономикасындағы алатын ролі	158
Садыкова С.Т. Эффективное использование опционов на фондовом рынке	163
Асилова А.С. Инновациялық дамудағы шетелдік инвестиция тартудың қажеттілігі	167
Жұбанова Ж.Б. Ұйымның төлем қабілеттілігін талдауды жетілдіру жолдары	170
Керімбекова Н.Н. Банктің меншікті капиталы оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету құралы ретінде	172
Мустафина А.К. Современное состояние земельного налога в РК	176
Супугалиева Г.И. Еуразиялық экономикалық интеграцияның тиімділігін арттыруда коммерциялық банктердің ролі	180
Назарова Г. Корпоративтік салықтық менеджменті: жағдайы мен даму мәселелері	183
Казбекова Ж.Б., У Цзинин. Эффект финансового рычага и рациональная политика заимствования средств предприятия	183
Хамитов Н.Н., Фэн Ци. Необходимость страхования предпринимательских рисков	190
Жоламанова М.Т., Чжан Вей. Мероприятия по улучшению состояния банковского сектора Китая	192
Казбеков Б.К., Чжоу Лин. Значение прямых иностранных инвестиций в развитии национальной экономики Республики Казахстана	194
Тулегенова М.С. Учись и учи. Веди простую жизнь и цени то, что имеешь. Отдавай больше. Ожидай меньше.	197
Досжан Р.Д. Жобалық тәсілді қолдана отырып тәуекелдерді басқару кәсіпкерлік қызметті	199
Кукнев А.Ж., Садыханова Д.А. Индустриалды-инновациялық даму моделі: объективті алғышарттары және қажеттігі	201
Байдильдина А.М., Алимбекова Г.А. Пути финансового оздоровления и предотвращения банкротства предприятий	206
Джаншанло Р.Е. Жизнь в кредит счастья не приносит	209
Баймуханова С.Б., Байахметова А.Б. Өндірістік шығындар есебі және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау	213
Бейсенбаева А.К., Акимбаева Қ.Т. Экспорттау келісімі мен оны талдаудың маңыздылығы	216
Нурғалиева Г.К., Айтбаева К.Б. Еуразиялық экономикалық интеграция жағдайында ұйым пайдасын бөлуді талдау мәселелері	219
Нурғалиева Г.К., Байсалова Б.О. Аутсорсинг как инструмент устойчивого развития компании в условиях евразийской экономической интеграции	223
Оралбаева Ж.З., Бейсенбаева А.Қ., Мансұрова Н.Ш. Тиімділік аудиті мен аналитикалық зерттеулерді жүргізу стандарттарын салыстыру	226
Сұлтанова Б.Б., Байдаулетов М.Б., Ақылбаева Г. Аудит қызметінің дербес бағыты ретінде салық аудитінің орны	229
Байдильдина А.М., Ақынова Ф.К. Практика и пути совершенствования учета и анализа доходов и расходов в сфере деятельности авиакомпаний	232
Низамдинова А.К., Аматава И.Ю. Проблемы гармонизации и интерпретация финансовой отчетности на основе международных стандартов	235
Джакишева У.К., Габбасова Ә.Т. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау нәтижесін басқару есебінде қолдану әдістемесі	237
Султанова Б.Б., Жора А.Б. Бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымының талаптарына сәйкес ауылшаруашылығында бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың мәселелері	239
Низамдинова А.К., Кудышева Д. Значение финансового анализа для успешного развития предприятия	241
Низамдинова А.К., Кумарбай А. Теоретические основы методологии анализа движения финансовых (денежных) потоков и платежеспособности организации	244
Джакишева У.К., Қалатқылы А. Қаржылық есептілікте инфляция әсері	247